

## ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖҮЙЕСІНІҢ ДАМУЫНДАҒЫ ҚАЗІРГІ ЗЕРТТЕУШІЛЕРДІҢ РӨЛІ

*Қожахметов Ғ.З., з.ғ.д., профессор  
Рысжанова Ғ.С., заң факультетінің докторанты  
Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті*

Қазақстанның құқықтық жүйесінің дамуында заңғар тұлға Академик Салық Зимановтың еліміздің еңселі, тәуелсіздігіміздің тұғырлы, келешегіміздің кемелді болуына сіңірген еңбегі өлшеусіз. Тәуелсіздіктің алғашқы қиын да жауапты жылдарында азаттыққа жаңа қол жеткізген Отанымыздың өркендеуіне бағыт-бағдар берді, ұлт зиялыларының өнегесімен халыққа шынайы қызмет етті.

Ой өлшемі биік, байлам-пайымы ерен Салық Зимановты ғылыми орта ерте танып білді. Заң саласындағы тұңғыш академик болуына жол ашты. Оның жанында әрқашанда тілектес шәкірттері, үзеңгілес-әріптестері Сұлтан Сартаев, Әбдуәли Еренов, Жабайхан Әбділдин, Ғайрат Сапарғалиев болды. Салық Зимановтың Қазақ елі тәуелсіздігін алған алғашқы жылдардағы сабырлы да салиқалы еңбегі халқына, еліне, жеріне, ұлтына ұйытқылық қызмет атқаруға арналды. Жоғарғы Кеңесте халық қалаулысы ретінде еліміздің ел болып қалыптасуына өзінің зор үлесін қосты. Жоғарғы Кеңесте комитет төрағасы, Конституция жобасы бойынша комиссияның мүшесі ретінде еңбек етті. 1990 жылғы 25 қазандағы Қазақ КСР-інің мемлекеттік егемендігі туралы Декларациясы, Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы Конституциялық заңы, тіл, азаматтық туралы заңдар және өзге де мемлекеттілік пен тәуелсіздіктің бастауы болған актілердің қабылдануына табанды күш-жігерін жұмсады. Мемлекет тәуелсіздігін жариялай отырып, Жоғарғы Кеңес Қазақстан Республикасының «...өз аумағында билік жүргізетін, ішкі және сыртқы саясатын өз еркімен айқындайтын және де барлық елдермен қарым-қатынасын халықаралық құқық принципіне жүзеге асыратын», оның «...тәуелсіз, демократиялық және құқықтық мемлекет» екенін анық көргендей боламыз [1, 1].

Білікті заңгер ретінде егемендік, тәуелсіздік жолындағы Қазақстанның халықаралық қатынастарын заңдастырып, қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе беру, президенттік басқару институтын енгізу, құқықтық-демократиялық реформаларды жүргізу ісіне белсене араласты. Қазақстан мемлекеті мен құқығының тарихын, ұлттық мемлекет құрылымының теориялық мәселелерін зерттеуде жаңа ғылыми бағыт қалыптастырып, әділ сотты қамтамасыз ету үшін республикада сот мүшелерінің қатысуымен «билер алқасын» енгізуге басшылық жасады. «Билер әділ соты үстем болған арада талай ғасырлар өткеніне, қоғамдық саяси өмірде түбегейлі өзгерістер болғанына карамастан бүгінгі тәуелсіз Қазақстан Республикасының сот жүйелеріне билер әділ сот үлгілерін, номинациясын кең түрде енгізу төңірегінде пікірталасы жиі күн тәртібіне қойылуда. Ең маңыздысы – билер әділ сотының ел өміріндегі тарихи орнын мойындау, оның бүгінгі қазақ мемлекетін демократияландыру саясатында құнды қызмет атқара алу мүмкіндігі бар болып табылады» [2, 1].

Адамзат тарихында мемлекет және құқық пайда болғаннан кейін ұлы ойшылдар мен ғұлама тарихи тұлғалар билік жүргізуші топтардың басқаруды іс жүзеге асыруда заңсыздық пен бассыздық, шексіз билікпен тиранияға кеңінен жол ашып, адам құқықтарын басып-жаншыған, қырғынға ұшыратқан жантүршігерлік әрекеттерін қатаң сынға алды. Сонымен қатар, мемлекеттің шексіз билігін жетілдіру тетіктерін қарастырды. Атап айтқанда ұлы Сократ, Платон, Аристотель, Хан Фей, Хамурапи, жаңа заманда Н. Макиавелли, Б.Б. Спиноза, И. Кант, Т. Гоббс, Д. Локк, Г.В. Гегель, Ш. Уәлиханов, А. Құнанбаев, А. Байтұрсынов, Ж. Ақбаев, Б. Сыртанов сияқты ойшылдар адам құқықтарының тиімді қорғалып, қоғамда әділеттіліктің орнауын ұсынған идеяларында басты мақсат етті.

Мемлекет және құқық теориясында құқық жүйесі және құқықтық жүйе деген екі бір-бірімен тығыз байланыстағы санат ретінде қалыптасты. Құқық жүйесі – деп белгілі бір мемлекет аумағында қалыптасқан құқық нормаларының өз реттеу пәніне қарай институттарға, салаларға біріктірілу арқылы жүйеленуі деп түсінеміз. Әр мемлекеттің құқық жүйесі сол мемлекеттің жүргізіп отырған саясатының көрсеткіші бола алады, қоғам мен мемлекеттің арақатынасын сипаттайды.

Құқық жүйесі мен құқықтық жүйе бір-бірінің дамуына ықпал етеді, өзара сыбайласа дамиды. Құқықтық жүйе тек құқық жүйесін ғана емес сол құқық жүйесімен байланысты пайда болатын құбылыстардың басын біріктіретін ұғым. «Құқықтық жүйе дегеніміз әр мемлекеттерде қалыптасқан құқықтық реттеу және құқықты қолдануда өзіндік сипат пен ерекшеліктерге ие болған

нормалардың, құндылықтардың, көзқарастардың, ерекшеліктердің жиынтығы». Бұл екі санат бір-бірін толықтырып отырады, бірақ, құқық жүйесі мемлекетте орын алған құқықтық реформалар негізінде кейде бірнеше құқықтық жүйенің элементтерін бойына сіңіруі де мүмкін. Бұған мысал ретінде қазақстанның құқық жүйесін келтіре аламыз, бүгінгі күні еліміздің құқық жүйесі романо-германдық құқықтық жүйеге кіреді, тіпті, кеңестер кезеңінде де социалистік құқықтың өзі сол патшалық Ресей аумағында қалыптасқан романо-германдық құқықтық жүйенің негізінде жасалған болатын. Сол себептен социалистік және романо-германдық құқықтық жүйелерде сырттай ұқсастықтар сақталып қалды, екі құқықтық жүйеде де құқық нормасы ортақ жүріс-тұрыс ережесі ретінде танылды, социалистік құқықтық жүйеде ескі заң терминдері мен құқықтың салаларға бөлінісі де сақталып қалды. Әйтсе де, социалистік құқықтық жүйенің өзгешеліктері басым болғандықтан ол өзінше дербес құқықтық жүйеге айнала алды. Социалистік құқықтық жүйені қалыптастыруда екі тәсіл қолданылды, біріншіден, жаңа құқықтық қайнар көздер жасалынды; екіншіден, ескі құқықтық қайнар көздерді оларға жаңа әлеуметтік мән мен маңыз беріп пайдаланды [3, 18].

Тәуелсіздік алған соң еліміз нарықтық экономикаға көшкендіктен социалистік құқықтық жүйеден романо-германдық құқықтық жүйеге өтуде ешқандай қиындық болған жоқ. Бірақ, жеке мемлекет болғандықтан, жаңа құқық жүйесін қалыптастыру жайлы тың идеялар да қоғамда орын алып отырды. Еліміз тәуелсіздік алған уақытта жаңа құқық жүйесін қалыптастыру мәселесі өткір болған тұстарда ұлттық бағыттағы заңгерлер құқық жүйесіне қазақтың әдеттік құқығының элементтерін қолдану мәселесін көтерген болатын. Сол кезеңде қазақтың біртуар ғалымы С.Өзбекұлы алғаш рет 1991 жылдың қаңтарында Қазақ Республикасының Конституциясының жобасының мәтінін жариялап, талқыға салған еді. Жобаның 12 бабына сәйкес, Қазақстан Республикасының заңдары жергілікті халықтың дәстүрі, әдет ғұрпы мен демографиялық ерекшеліктері негізінде қабылданады [4, 2].

Қоғамның құқықтық өмірі саласында құқықтық жүйенің мүмкіндіктеріне кешенді талдау жасау. Құқықтық өмірдің мәдени астарының негізгі құрамдас бөліктерін жіктеу, олардың жеке – жеке орынын өзара байланысын қатынасын сарапқа салу. Біріншіден, құқықтық жүйе құқықты қолдануға байланысты барлық тәсілдерді толықтай біріктіреді. Екіншіден, құқықтық жүйе барлық құқықтық құбылыстардың жаңа деңгейде бірігуін білдіреді. Құқықтық жүйе құқықтық мемлекеттің бір белгісі болып табылады. Профессор Н.И.Матузовтың пікірі бойынша: «құқықтық жүйе ұғымының құндылығы қоғамның құқықтық жүйесін талдаумен байланысты болады». Сондықтан кез – келген заң құқықтық жүйенің иерархиялық құрылымына қайшы келмеуі керек. Құқықтық жүйенің қалыптасуы салыстырмалы ұзақ кезеңді алатын қиын іс болып табылады. Ол 80 – жылдардың аяғынан бастап енді. Құқықтық жүйе құқықтық материя құрылыммен жақын байланысты яғни, ол иерархиялық көп құрылымдық сияқты аспектілерден тұрады. Құқықтық жүйе динамикалық даму үстінде болады яғни, ол туралы ұғым үнемі өзгеріп отырады. Құқықтық жүйе басқа құқықтық терминдерден ауыстырмайды және өзгертпейді. Ол жеке ғылыми жүктемені яғни, барлық құқықтық құбылыстардың бірлігін білдіреді.

Платон еңбектеріне назар аударатын болсақ, қоғамда заң үстемділігі орнау қажеттігі аса маңызды мәселе ретінде көтеріледі. «Мен, – деп атап көрсетті Платон – заңның күші жоқ және оның қайсыбіреудің билігінде болса, ол мемлекеттің күйреуінің жақын екенін болжаймын. Заң билеушілерге үстемдік еткен жерде олар оның құлдары және мемлекеттің құтқарылатынына сеніммен қараймын». Осындай пікірлер Аристотель, Цицерон сияқты ежелгі заман ойшылдарының еңбектерінде де жиі кездеседі.

Азаматтық қоғамның құрамы негізінде тарихи даму барысында дәстүр мен бүкіл әлемдік өркениеттік дамудың құндылықтары негізінде қалыптасады. Демократиялық қоғамда азаматтық қоғамның рөлі арта түседі және мемлекеттік басқару жүйесіне өзінің тікелей ықпалын тигізеді. Бұл жерде үкіметтік емес ұйымдардың мәні өте зор. Олардың мақсаттары мүделерге байланысты құрылған топтар мен ұйымдардың мүделерінің іс жүзінде асырылуына жағдайлар жасау және мемлекеттің саяси шешім қабылдауына ықпал ету, органдардың функцияларына жақсартуға, тиімділігін арттыруға кеңес беру, ұсыныстар енгізу болып табылады. Азаматтық қоғамның құрамына енген институттар мынандай талаптарға сай болулары қажет:

1. Олардың құқықтық негізінде құрылуы.
2. Алдына қойған мақсаттары конституциялық құрылымды күшпен өзгертуге шақырмаулары тиіс.
3. Мақсат, мүделерін іс жүзінде асыруда экстремистік әрекеттерге жол бермеулері тиіс.

Көрнекті философтардың еңбектерінде құқықтық мемлекет идеясының жан-жақты негізделгенін, оның құндылықты мәні халық егемендігін биліктің қайнар көзі ретінде бекітуінде, оның еркіндіктері мен құқықтарына кепілдік беруінде, мемлекеттің қоғамға бағынуында жатқанын айтуға тиіспіз. Құқықтық мемлекеттің тұтас тұжырымдамасы XVIII ғасырдың соңы - XIX ғасырдың басында қалыптасты. «Құқықтық мемлекет» ұғымының өзі XIX ғасырдың бірінші жартысында неміс ғалымдары К.Велькерт пен Р.Фон Мольдің еңбектерінде жазылып, еуропалық әдебиеттерде толығымен орнықты.

Құқықтық мемлекетті қалыптастырудың маңызды алғы шарттары — жеке меншік, азаматтық қоғам және азаматтық сана сияқты әлеуметтік ерекше құбылыстар болып табылады. Олардың әлеуметтік маңыздылығы бұлардың әрқайсысының дербестігімен, жеке-жеке өмір сүру фактісімен ғана анықталмайды, керісінше, олардың өзара қимыл-әрекеті, әрбір элементтің бірін-бірі күшейтуімен және соған тәуелділігімен анықталады. Құқықтық мемлекеттің қалыптасуы жеке және қоғамдық өмірдің бүкіл салаларын табанды түрде демократияландырумен тығыз байланысты. Өркениетті заңдылық принциптерін сақтап, нығайту және бұзбау керек, құқықты құрметтеу қажет. Қоғамның дағдарыссыз қалыпты дамуын қамтамасыз ететін, демократиялық принциптердің бұрмалануына жол бермейтін тұрақты әрекет ететін саяси және құқықтық механизмдер қажет. Құқықтық мемлекет — адамзат қоғамының гуманизм, әділдік, құқық, теңдік, демократияшылдық, сонымен қатар қайырымдылық, тұлғаны құрметтеу, аяушылық білдіру сияқты құндылықтары оның өлшем бірліктері болып табылатын, құқық үстемдік ететін, құқық идеясы биік тұратын мемлекет. Әрине, дегенмен, қайырымдылық және аяушылық білдіру құқықтың шеңберінен шығып кетеді, ол таза адамгершілік категориялары болып табылады.

Құқық демократиялық қоғамға нұқсан келтіретін және оның прогрессивті дамуына кедергі жасайтын қайсыбір бассыздық, құқық бұзушылық, басқа да келеңсіз құбылыстардың көріністеріне қарсы тұруға қабілетті. Ол тұлғаның еркін дамуына ықпал етеді, өйткені, әлеуметтік еркіндік шаралары көрінісінің ең жоғарғы формасы алға шығады. Сондықтан құқықтық мемлекет қоғамдық өмірдің ізгіліктік бастауларын нығайтуға шақыратын, бірден бір жоғары әлеуметтік құндылық болуымен қатар, адамның бостандығын, ар-намысын, абыройын қамтамасыз ететін және қорғайтын маңызды практикалық құрал.

Қасым хан дәуірінде заңға бағынбаған адамдар билер сотының үкімімен жазаланып отырған. Бұл қоғамдағы тәртіпті қадағалаушы, тәртіп орнатушы негізгі құрал Қасым ханның «қасқа жолы». Осы заң нормасынан кейін қазақ тарихының аренасынан Ұлы Дала заңдарының бірі - Есім ханның «ескі жолы» орын алады.

Бізге «Ескі жолдың» нақты тұрпаты беймәлім, бір ақ жалпы сұлбасы XIV ғасырдың соңына дейін жеткені байқалады. Қасым ханның мемлекеттік заң жүйесі – «Қасқа жолдан» көп кейін шыққанына қарамастан, «Ескі жол» аталуына қарағанда, Есім ханның заңдарын ежелгі Алтын Орда тұсындағы низам-жарғыларға, одан бұрынғы Шыңғыс ханның «Жасақ» үлгісіне жақынырақ болған сияқты. Жеке тармақтары қандай болғанда да, негізгі ұстанымы Қазақ Ордасының мемлекеттік жүйесі, өзіндік құрылымы, ел билеу жорасына арналған азаматтың және құқықтық ережелер жинақталған «Ескі жол» бір ғасырдан астам ұзақ уақыт бойы Қазақ халқының ең негізгі заңы болып табылады.

Есім ханның «Ескі жолды» Қасым ханның «Қасқа жолына» ұқсас және ол өз заңына билермен ақылдаса отырып, өтпелі кезеңге байланыстырып, көшпенділер өмірінің ерекше қиын жаңдайына сай келетін дәстүрлі әдет-ғұрыпты, құқықтық тәртіпті жетілдіру мақсатында жаңа құқықтық нормаларды енгізген. Енгізілген жаңа құқықтық нормаларға тәрбие мәселесіне байланысты жарғыларды, құн жарғыларын, жесірлерге байланысты жарғыларды және жаза жарғыларын жатқызуға болады. Есім ханның «Ескі жолы» - бұл Қасым ханның «Қасқа жолының» толықтырылған заң нормасы. Қазақ хандығындағы атақты заңдардың бірі «Жеті жарғы» заңы болып табылады [5, 80].

Кейде ғалымдар құқықты алып жүруші азамат емес, мемлекет деген пікірді айтып жүреді. Өркениетті қоғамда мемлекет құқықтық саналып, тұлғаның құқығын және еркін қорғайды. Адамның құқығы мен еркіндігі мемлекеттің, үкіметтің берген тартуы (сыйы) емес, керісінше, әрбір адамның, кез келген тұлғаның еркін ажырамайтын сапасы (қасиеті). Халық - мемлекет пен үкімет және заң үшін өмір сүрмейді, керісінше мемлекет пен үкімет және құқықтық заң халық үшін тірлік етеді. Азаматтың құқығы мен бостандығын жариялау, оларды заңда бекіту маңызды. Бірақ сол құқық пен бостандықты қамтамасыз ету одан да маңыздырақ. Адамның құқығы мен бостандығына кепілдікті қамтамасыз ету сол адамның құқықтық мемлекетте өмір сүріп жатқандығының айқын айғағы. Құқықтық мемлекет - құқықтың басымдығын, құқықтық заңның

бәрінен жоғарылығын, халықаралық құқықтың артықтығын, таптық, ұлттық, жергілікті шектелген құндылықтардан жалпы адамзаттық, құндылықтардың басымдығын ұйғарады. Егер халықаралық құқық осы құндылықтарды мойындап, бекіткен болса, онда мемлекет өз ішінде қабылданған құқық нормаларын тек бекітумен шектеліп қалмай сөзсіз оған кепілдік те беруі тиіс.

Әдебиеттер тізімі:

1. Бақтыбаев І. Заңғар Зиманов. Жаңалықтар.- Астана.: 16 қазан 2012 ж.
2. Салық Зиманов // Егемен Қазақстан. 05 қаңтар 2011 жыл.
3. Рене Давид. Основные правовые системы современности.- М.: Прогресс, 1996. -389 с.
4. Өміржанов Е.Т. Азат қозғалысы және Қазақстанның саяси – құқықтық ой пікірлерінің тарихы. // Азат газеті - 16.02.2006. - №6(148).
5. Зиманов С.З. Қазақ құқығын бағалау тарихы туралы // Қазақтың Ата Зандары. 10 т. – Алматы.: Жеті жарғы, 2004. – Т. 2. – 460 б.

## **ПРАВОВЫЕ ОТНОШЕНИЯ – ОСОБЫЙ ВИД ОБЩЕСТВЕННЫХ ОТНОШЕНИЙ**

*Какимова М.Ш., к.ю.н., зав. кафедрой теории и истории государства и права  
Абдиканова А.К., магистрант юридического факультета КарГУ им. академика Е.А. Букетова*

Действующее законодательство, обеспечивающее функционирование правовой системы страны в соответствии с Конституцией Республики Казахстан, общепризнанными принципами и нормами международного права, требует дальнейшего развития, в частности, поэтапного совершенствования действующих законов, а также принятия при необходимости новых нормативно-правовых актов, отвечающих требованиям дальнейшей демократизации общества и задачам его социально-экономического развития.

Совершенствование норм действующего законодательства будет осуществляться путем реализации следующих мер: восполнение пробелов в правовом регулировании и углубления его в наиболее важных сферах общественных отношений; продолжения и расширения практики проведения научной экспертизы законопроектов, в том числе на предмет соответствия интересам национальной безопасности; формирования в целях унификации законодательства единого перечня используемых в нем терминов на государственном и русском языках; в целях выявления предпосылок, прямо или опосредованно создающих условия для совершения преступлений, коррупционных и административных правонарушений, введения криминологической экспертизы проектов нормативных правовых актов; в целях улучшения планирования законопроектной деятельности введения практики ее перспективного планирования [1].

Конституционные идеи правового государства должны найти свое воплощение в формировании законодательства на идеях права, справедливости, гуманизма, в создании эффективных средств укрепления правопорядка, материальных, организационно-правовых, политических гарантий прав и свобод человека и гражданина. В тоже время следует повышать ответственность государственных служащих и иных граждан, которые должны неукоснительно выполнять свои конституционные обязанности.

В послании Президента народу Казахстана «Казахстан-2030», во всех его ежегодных Посланиях красной нитью проходит идея необходимости правового урегулирования общественных отношений в нашей стране.

В процессе дальнейшего совершенствования законодательства необходимо неуклонно следовать принципам верховенства Конституции и соответствия норм актов нижестоящего уровня актом вышестоящего уровня.

Процесс разработки законодательных актов должен характеризоваться решительным уменьшением количества отсылочных норм, узкоотраслевых, ведомственных подзаконных актов и оптимально возможной конкретизацией законов. Наряду с этим следует усовершенствовать механизм ведения в действие принятых законов, обеспечивающей их полную реализацию, в том числе своевременное принятие необходимых подзаконных актов.

Нуждается в повышении качества местное нормотворчество. При этом необходимо также предпринять дополнительные меры, направленные на реализацию норм законодательства об